

Хабитат II - елді мекендері жөніндегі БҰҰ-ның конференциясына әзірлік туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 13 ақпандағы N 150

БҰҰ-ның Хабитат - елді мекендері жөніндегі Экономикалық және Әлеуметтік Кеңесі Комиссиясының (ЭКОСОС) құрамына Қазақстан Республикасының сайлануына, БҰҰ-ның Хабитат II (Түркия, 1996 жылғы маусым) - елді мекендері жөніндегі Екінші Халықаралық Конференциясының әзірленуі мен өткізілуіне байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Мына құрамда Қазақстан Республикасының Ұлттық комитеті құрылсын:

Құлыбаев А.А. - Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрі, Ұлттық комитеттің төрағасы

Монтахаев К.Ж. - Қазақстан Республикасы сәулетшілер одағының президенті, Ұлттық комитет төрағасының орынбасары

Садықов А.З. - Қазақстан Республикасы Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігінің сәулет, қала құрылысы және өнеркәсіптік-азаматтық ғимараттар бас басқармасы бастығының орынбасары

Алмағамбетов Б.А. - Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің құрылымдық және инвестициялық саясат бас басқармасының бастығы

Бәйішев Қ.С. - Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрінің бірінші орынбасары

Баймағамбетов С.К. - Алматы қаласы әкімінің сәулет, қала құрылысы және аумақтарға құрылыс салу басқармасының бастығы

- Байменов А.М. - Қазақстан Республикасы Еңбек
министрінің бірінші орынбасары
- Дерновой А.Г. - Қазақстан Республикасы Денсаулық
сақтау министрінің орынбасары
- Жарбосынова М.Б. - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер
министрлігінің халықаралық ұйымдар
және экономикалық қатынастар бас
басқармасының бастығы
- Қайралапин Б.Е. - Қазақстан Республикасы Халықты
әлеуметтік қорғау министрінің
орынбасары
- Кравчук А.В. - Қазақстан Республикасының Төтенше
жағдайлар жөніндегі мемлекеттік
комитетінің төтенше жағдайлардың
алдын алу бас басқармасының бастығы
- Кутовой В.И. - Қазақстан Республикасы Мәдениет
министрінің орынбасары
- Нұрғалиева Е.Н. - Қазақстан Республикасы Әділет
министрінің орынбасары
- Тоскин В.Ф. - Ақмола облысының құрылыс және сәулет
істері жөніндегі облыстық басқармасының
бастығы
- Фаткульдинов Ф.Х. - Қызылорда облысы әкімінің орынбасары
- Шоқаманов Ю.К. - Қазақстан Республикасының Статистика
және талдау жөніндегі мемлекеттік
комитеті төрағасының орынбасары

ЕСКЕРТУ. Құрам жаңадан құрылған - ҚР Үкіметінің 1996.06.26.

№ 803 қаулысымен.

Р960803_

2. Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрі, Қазақстан Республикасы Ұлттық комитеті төрағасының орынбасары А.Қ.Тышанов Хабитат II- елді мекендері жөніндегі БҰҰ-ның Екінші Конференциясын өткізу (1995 жыл мен 1996 жылдың бас кезінде) жөніндегі әзірлік комитетінің жұмысына қатысу үшін Қазақстан Республикасының өкілі болып тағайындалсын.

3. Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып 1995 жылдың бірінші тоқсанында Қазақстан Республикасында тұрғын үй мен халықты шоғырландыру проблемаларын шешуге бағытталған іс-қимылдың екі жылдық жоспарын жасасын және Хабитат II - елді мекендері жөніндегі БҰҰ Екінші Конференциясының тақырыбына қамтылатын мәселелер жиынтығы жөніндегі ұлттық шаралар туралы аралық баяндама әзірлесін.

4. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі мен "Қазақстанның теледидары мен радиосы" республикалық корпорациясы Хабитат II - елді мекендері жөніндегі БҰҰ-ның Екінші Конференциясын өткізуге әзірліктің барысына байланысты мәселелері баспасөзде, радио мен теледидар бойынша жариялап отырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрінің